

«Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ
КГУ «Школа-интернат «Ақ ниет»

Логопедтің ата-аналарға арналған

ЖАДЫНАМАСЫ



ПАМЯТКА

для родителей от логопеда



ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

1. Кез-келген мамандық иесі үшін, таза сөйлеу тілін қалыптастыру өте маңызды. Анық қалыптаспаған сөйлеу тілі баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуіне, оның жалпы және мінез-құлқының дамуына кедергісін тигізіп, мектеп кезеңінде үлгермеушілікке әкеліп соғады.
2. Баланың сөйлеу тілі қоршаған адамдардың тіліне еліктеу арқылы қалыптасып, дамиды. Сондықтан, бала қоршаған адамдардың сауатты сөйлеу тілін естіп, дамуы қажет.
3. Баланың сөйлеу тілінің алғашқы үлгісі-жақын туғандарының сөйлеу тілі. Ата-ана баласының ана тілін үйретуде алғашқы ұстаздары болып табылады. Отбасы – алғашқы мектеп.
4. Ата-ананың қолдауынсыз балаға сөйлеу тілін қалыптастыру қиынға түседі. Балаңызбен үнемі сөйлесіңіз. Балаңыздың сөйлегенін мұқият тыңдаңыз, оның қойған сұрақтарына асықпай, анық, мәнерлі, орта дауыс ырғағымен жауап беріңіз. Әр дыбысты, сөзді анық айту арқылы баланың ауызша сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына жол ашасыз.
5. Баланың дұрыс қалыптаспаған сөйлеу тіліне еліктемеңіз. Баламен бала тілінде сөйлеспеңіз, ням - ням (тамақ жеймін), мяу (мысық) және т.б. сөздер қолдануға болмайды. Бала тілі қалыптаса бастағанда ересектер тіліне көшкен абзал. Әйтпесе, баланың дұрыс сөйлеу тілін тежеуге себеп боласыз.
6. Сөйлеу тілі қалыптаса бастағанда қарапайым сөздер, қысқа фразалар қолданып, сөздер мен сөйлемдер арасында кідіріс жасап, сөйлеуге тырысыңыз. Сол кезде балаңыз Сізге еліктен, тілі дұрыс қалыптасады.
7. Балаңыздың алғашқы былдырлауы мен сөздерді айтқан кезін қадағалаңыз. Сөйлеу тілінің тежелуін байқасаңыз, арнайы мамандардың көмегіне жүгініңіз.
8. Балаңызға дұрыс сөйлеу тілінің дағдыларын үйретіңіз, асығып, жылдам сөйлеуді шеттетіңіз. Байыппен, анық, мәнерлі сөйлеу баланың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына ықпал жасайды.
9. Баланы сөйлеу тіліне қатысты шамадан тыс материалдармен шаршатпаңыз. Оқу барысында әр сөздің, іс-әрекеттің маңынасын ашып, түсіндіріңіз. Балаға кітап таңдауда оның жас ерекшелігі мен қабылдау деңгейін, эмоционалдық күйін есепке алған жөн.



АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!

Артикуляциялық гимнастика – бұл ерінге, тілге, астыңғы жақ сүйектеріне арналған жаттығулар. Баланы айнаға қарап ауызын ашып, жабуына, тілді жоғары көтеруге, оны жіңішке және жалпақ етіп жасауға, қалыпты жағдайда ұстап тұруға үйрету.

Жылдам ырғақта сөйлеу бала тілінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Әр затты өз атауымен таза, анық айтыңыз. Балаға асығып, жылдам сөйлеуіне жол бермеңіз.

Көріп, байқағаныңыз жайлы үнемі балаға айтып отырыңыз. Есіңізде болсын, қоршаған орта Сізге таныс болғанымен, балаға жат, сондықтан оны таныстыру қажет. Оған ағаштың өсетінін, гүлдің гүлдейтінін, араның не себепті гүлге қонатынын түсіндіріңіз. Балаңыздың дамуы тікелей Сізге қатысты.

Мәнерлі, әдемі сөйлеудің басты себептері – анықтылық, сауаттылық, ырғақты әрі әсерлі сөйлеу, сөздік қордың байлығы, интонацияны жеткізіп, сөйлей білу. Сіздің сөйлеу мәнеріңіз дәл осындай болуы қажет.

Тыныс алу жаттығулары сөйлеу тілін қалыптастыруда өте маңызды. Дыбыстарды анық айтуды үйретуде жеңіл ойыншықтарды, шарларды үрлеу жаттығулары өте тиімді.

Иллюстрация – баланың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалған кітаптардағы иллюстрациялар сөйлеу тілінің қалыпты дамуының бірден-бір көмекшісі. Кітаптағы әр затты атауымен атап, іс-қимылдарға сұрақтар қойып, таныстыру қажет.

Солақайлық – бұл дамымаушылық емес, құрсақта жатқан кезеңде қалыптасқан адамның жеке ерекшелігі. Сол қолдың басымдылығын оң қолға күштеп үйретуге болмайды, балада тұтығу белгілері туындауы мүмкін.

Ұсақ моторика – қол буындары мен саусақтардың қимылы. Саусақтардың қимылы қаншалықты дамыған болса, сөйлеу тілі де соншалықты дамыған. Сондықтан баланың кішкентай кезінен ұсақ моторикасын дамытуға барынша тырысыңыз. Бұл әрекет ойыншықтар арқылы жүзеге асырылады.

Еліктеу – дамып келе жатқан бала бойындағы басты қасиеттердің бірі. Сол себепті балаңыздың қоршаған ортасына көңіл бөлгеніңіз жөн. Сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңінде ауыр тіл мүкістігі бар, әсіресе тұтығатын адамдармен қарым-қатынасын барынша шектету ұсынылады.

Тіл- артикуляция мүшесі. Баланы айнаға қарап ауызын ашып, жабуына, тілді жоғары көтеруге, оны жіңішке және жалпақ етіп жасауға, қалыпты жағдайда ұстап тұруға үйрету. Күнделікті – 10-15 минут уақытыңызды артикуляциялық жаттығуларға бөлсеңіз, балаңыздың сөйлеу тілінде ешқандай кемістік туындамайды.



Есте сақтаңыз! Өз баласын ата-анадан аса ешбір адам танып, білмейді, сондықтан бала дамуында, тежелу байқалса, алғашқы қол созып, көмек көрсететін ата-ана. Ата-аналар үнемі баласы туралы білімін жетілдіруі қажет. Бұл даму кепілі. Иске сәт!

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ! ПОМНИТЕ!

1. *Правильная речь необходима человеку любой специальности. Неправильная речь ребёнка затрудняет его общение с окружающими, отражается на его общем развитии, характере, и в будущем может быть причиной его неуспеваемости в школе.*
2. *Речь ребёнка развивается путём подражания речи окружающих его людей. В связи с этим ребёнок должен слышать только грамматически правильную речь в своём окружении.*
3. *Первый образец речи для ребёнка— это речь его близких. Родители являются первыми учителями родного языка для своего ребёнка. Семья - первая школа.*
4. *Без помощи родителей ребёнку трудно овладеть правильной речью. Разговаривайте с ребёнком. Выслушивайте его внимательно, не обрывайте, говорите и отвечайте на все его вопросы неторопливо, чётко, выразительно, средней силы голосом, правильно произносите звуки и слова - это поможет ребёнку скорее овладеть правильной речью.*
5. *Не подражайте неправильной речи ребёнка, сами не навязывайте детям неправильных выдуманных слов. Не разговаривайте с ребёнком, используя слова - заменители типа ням - ням (кушать), мяу (кошка) и т.п., говорите сразу общепринятыми словами. Иначе вы будете задерживать правильное речевое развитие ребёнка.*
6. *При появлении речи у ребёнка старайтесь говорить с ним простыми словами, короткими фразами, с соблюдением пауз между словами и предложениями, тогда ребёнок, подражая вашей речи, научится говорить правильно.*
7. *Следите за появлением и развитием речи вашего ребёнка начиная с лепета и появления первых слов. При задержке речевого развития у ребёнка обращайтесь к специалистам.*
8. *Прививайте детям правильные речевые навыки, не допускайте быстрой речи у ребёнка. Неторопливая, чёткая, правильная, выразительная речь способствует правильному речевому развитию ребёнка.*
9. *Не перегружайте ребёнка речевым материалом. При чтении объясняйте ребёнку значения слов и выражений. При выборе литературы для чтения учитывайте возраст вашего ребёнка и его особенности восприятия и эмоциональное состояние.*



ВНИМАНИЮ РОДИТЕЛЕЙ!

Артикуляционная гимнастика - это гимнастика для губ, языка, нижней челюсти. Научите ребёнка перед зеркалом открывать и закрывать рот, поднимать вверх язык, делать его широким и узким, удерживать в правильном положении.

Быстрая речь неприемлема в разговоре с ребёнком. Говорите ясно, чётко, называя предметы правильно, используя «взрослые» слова. Не позволяйте ребёнку говорить быстро.

Всегда рассказывайте ребёнку о том, что видите. Помните, что если для вас всё окружающее знакомо и привычно, то ребёнка со всем, что нас окружает, нужно познакомить. Объясните ему, что дерево растёт, цветок цветёт, зачем на нём пчела. От вас зависит, будет ли развиваться ваш ребёнок.

Главные составляющие красивой речи: правильность, чёткость, внятность, умеренные темп и громкость, богатство словарного запаса и интонационная выразительность. Такой должна быть ваша речь.

Дыхательная гимнастика важна в становлении речи. Чтобы выработать воздушную струю, необходимую для произнесения многих звуков, научите ребёнка дуть тонкой струйкой на лёгкие игрушки, шарики, кораблики на воде (щёки раздувать нельзя!).

Иллюстрации в детских книгах, соответствующие возрасту ребёнка, - прекрасное пособие для развития речи. Рассматривайте с ним иллюстрации, говорите о том что (кто?) изображён на них; пусть ребёнок отвечает на вопросы: где? кто? какой? что делает? какого цвета? какой формы? почему? Ставьте вопросы с предлогами за, под, над и др.

Леворукость - не отклонение, а индивидуальная особенность человека, заложенная во внутриутробном периоде, и не приемлет переучиванию. Это может привести к возникновению неврозов и заикания.

Мелкая моторика - так обычно называют движения кистей и пальцев рук. Чем лучше развиты пальчики, тем лучше развита речь. Поэтому стремитесь к развитию мышц руки ребёнка. Это игры с мелкими предметами под вашим контролем, шнуровки, лепка, застёгивание пуговиц, завязывание шнурков и т. д.

Подражание свойственно всем детям, поэтому старайтесь, по возможности, ограничивать общение ребёнка с людьми, имеющими речевые нарушения (особенно заикание!).

Язык - орган артикуляции. Научите ребёнка перед зеркалом поднимать и опускать язык, делать его широким, узким. Достаточно 10-15 минут ежедневных занятий артикуляционной гимнастикой, чтобы у ребёнка не было проблем с произнесением звуков.



Запомните, родители лучше всех знают своего ребенка, а значит, скорее могут прийти на помощь, если у него возникнут проблемы в развитии. Родители постоянно должны совершенствовать свои знания о своем ребенке. Это залог успеха. Удачи вам!